

Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Кінәнің қасақана ниетімен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері

Аннотация. Мақалада кінәнің қасақана ниетімен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері зерттелген.

Түйін сөздер: кінә, ниет, қасақаналық, абайсыздық, болжау, тікелей, жанама, бұзушылық, тілеу, ұғыну, сезіну.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 20-бабының 1-бөлігіне сәйкес қасақана қылмыстық құқық бұзушылық деп тікелей немесе жанама ниетпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар танылады.

Кінәнің қасақана ниеті әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін сезіну, болмай қалмауын, не болмаса бұл әрекеттің қоғамдық қауіпті зардаптарының туындау мүмкіндігін болжау, тілеу немесе тілемеу, бірақ осындай зардаптардың туындауына саналы түрде жол беру, не болмаса оларға немқұрайдылықпен қараумен сипатталатын кінәнің екі нысанының бірі болып табылады. Осы анықтаманың негізінде заң шығарушы ниеттің екі түрін бөлген: тікелей және жанама. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 20-бабының 2-бөлігінде тікелей ниеттің анықтамасы берілген, ол жерде егер тұлға өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін сезінген, қоғамдық қауіпті зардаптардың туындайтынын немесе туындамай қоймайтынын болжай алған және олардың туындауын тілеген жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық тікелей ниетпен жасалған деп танылады делінген.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 20-бабының 3-бөлігінде жанама ниеттің ұғымы анықталады: «қылмыстық құқық бұзушылық жанама ниетпен жасалған деп, егер тұлға өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін сезінген, қоғамдық қауіпті зардаптардың туындау мүмкіндігін болжай алған, бұл зардаптардың туындауын тілемеген, бірақ саналы түрде жол берген, не болмаса оларға немқұрайды қараған жағдайда танылады». Қазіргі қылмыстық құқық бұзушылықтық құқық доктринасында қоғамға қауіпті салдарды болжау қасақана айып түрінде әртүрлі қаралуы мүмкін. Тұлға: а) тілеулі салдардың орын алуын болмай қалмауын болжау; ә) салдардың орын алу мүмкіндігін нақты болжау; б) салдардың орын алуына жол беру.

Бірқатар ғалымдар басқаша пікірлер айтуда. В. Н. Сахаров тікелей ойға тек қана салдардың орын алуының болмай қалмаушылығын болжау тән деп есептейді [1]. А. И. Рарог, тікелей ойдың интеллектуалдық сәтінің құрылымында қоғамға қауіпті салдарды болжауды жоққа шығармай, былай деп жазады: «еркінің және сананың байланысының диалектикасынан шыға отырып, тікелей ойға тектес қоғам үшін қауіпті зиянды салдардың нақты болмай қалмауын болжау болып табылады деп тану қажет деген» [2]. Осыған ұқсас пікірді П. И. Гришаев және Б. В. Здравомыслов ұстануда [3]. Шынында, тікелей оймен жасалып жатқан, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көп жағдайларында салдарын болжау олардың болмай қалмаушылығымен көрінеді. Мысалы: ұры, ұрлық жасай отырып, жәбірленушіге

материалдық зиян келтірмеуден шарасыз екенін болжайды; субъект тағы да осындай зиян келтірмеуге шарасыз екенін болжайды.

Қылмыстық құқықтың ғылымында үлкен қайшылықтар ретінде әрекеттің салдары жанама орын алуын болдырмау шарасыз екенін болжау ойдың түрі жөнінде сұрағы туындады. Мұндай салдар әрекеттің мақсаты болып табылмайды және тікелей оймен қамтылмайды деген кең таралған ой бар [4]. Бұл сұрақ жөнінде басқа да көзқарас бар. Атап айтқанда, В. Г. Макашвили қосымша салдар, орын алуына шарасыз екенін ойлағанда тікелей ойының бар екенін мінездей отырып, мақсат қызметінің ар жағында жатқан нақты тілейтін салдарымен байланысты деп есептейді [5].

Біз В. Г. Макашвилидің ойын бөле отырып салдардың орын алуына шарасыз екеніне болжау жағдайында, әңгіме тек қана тікелей ойда болуы мүмкін деп есептейміз. Интеллектуалдық сәтте тікелей ойды болжау мүмкіндігі ретінде және шарасыз ретінде мінезделеді, ал жанама ой — қоғамға қауіпті салдардың бір мүмкіндігі ретінде болжанады.

Салдардың орын алуына шарасыз екенін болжау оқиғаның дамуына жалғыз мүмкін нұсқасы ретінде мінезделеді. Осымен дәл ойдың тікелігі қорытылған. Жанама ойдың мәнісі олардың бұлтартпастығына субъектінің сенімділігі, салдардың орын алуына шарасыз екенін болжау түсінігімен сыйыспайды. Жанама ойда болжау тек қана ықтималдық мінезді ғана алып жүреді. С. В. Векленко салдарды болжау шарасыз санаты, теория айыбында ешқандай қатыса алмайды деп санайды [6].

Сонымен, тікелей ойдың интеллектуалдық сәті әрекет мінезінің қоғамға қауіптілігімен және болжау мүмкіншілігі немесе қоғамға қауіпті салдардың шарасыздығымен мінезделеді. Жанама ойдың интеллектуалдық сәті тағы да әрекет мінезінің қоғамға қауіптілігімен және тек қана қоғамға қауіпті салдардың болжау мүмкіншілігінің орын алуымен сипатталады. Қасақана айып түрінің еркін сәтіне келетін болсақ, онда оған тікелей және жанама ойдың негізгі айырмашылығы шоғырланған. Біздің көзқарасымыз бойынша басты назарға тікелей ойдың еркін сәті лайықты.

Қылмыстық құқық доктринасында ескі ұстаным бар, оған сәйкес тікелей ойдың еркін сәті қоғамға қауіпті салдардың орын алуын тілеуқұрайды. Егер қылмыс тікелей оймен жасалса, онда тұлға міндетті түрде қоғамға қауіпті салдарды тілейді. Мұндай пікірді көптеген ғалымдар, оның ішінде қазақстандықтар ұстанады [7; 8]. Алайда, біздің ойымыз бойынша, «салдардың орын алуын тілеу» түсінігі тікелей ойдың еркін сәтінің мағынасын расында толық ашады. Сөйтіп, тілек деп құштарлық, қандай нәрсе болсада орындауға ішкі талпыныс болып түсіндіріледі. П. И. Гришаевтың пікірі бойынша, тілек әртүрлі психологиялық ерекшелігі болуы мүмкін, яғни тұлғаға рахаттануды алып келу және қанағаттану сезімін шақыратын салдарын ғана тілеу болып табылмайды. Тілеулі деп тұлғаның ішкі эмоционалдық қатынасына жағымсыз болып көрінетін, бірақ дегенмен қажетті немесе қажеттілігіне рахат алудан шарасыз, әрекет етуге итермелеуге түрткі болған мұндай салдарларды есептеу қажет. Тікелей ойдың белгісі ретінде белгілі салдарға талпыну қорытындыланады, олар айыптыға сапа немесе соңғы мақсат пен аралық кезең немесе мақсатқа жету әдісі ретінде шығады [9].

Белгілі бір әрекетті (әрекетсіздікті), жасауға мұқтаждық (қажеттілік) туындағанда, оларды жасауға ондай тілеуі жоқ болуы мүмкін. Онымен қоса, әрекет (әрекетсіздік), шамалаған

мұқтаждықпен (қажеттілікпен) байланысты тілеуімен мүлдем қарама-қарсы болуы мүмкін және қозғалмалы ерік күші болуы мүмкін. Сонымен, тікелей ойдың еркін сәтінің құрылымы екі альтернативтік элементтерден тұрады — тілеу, (жағымды белгі), немесе мұқтаждық (қажеттілік), (жағымсыз белгіге). Бұл ретте «тілеу» және «мұқтаждық» түсінігізін шығарушы техникасының көзқарасынан, бір ғана сөзбен «талпыныс» деп белгілеуге болады.

Тікелей және жанама ойдың негізгі айырмашылығының мәні, біздің ойымыз бойынша мақсатты тұжырымдаумен қорытындыланған. Тікелей оймен жасалған қылмыстың мақсаты қылмыстың өзінің шеңберінде қорытындыланған. Материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамында тікелей оймен қылмыстың мақсаты нақты қоғамға қауіпті салдармен ұқсайды. Жанама оймен жасалатын қылмыстарында қоғамға қауіпті салдарды келтіру қылмыстың өз мақсаты емес, бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамының шеңберінің сыртында орналасқан негізгі мақсатқа жетуге қосалқы қорытынды.

Тағы да қылмыстық құқық ғылымында белгілі бір қызығушылық қасақана айып түрін дәрежелеу сұрағы көрінеді. А. И. Рарог ойдың барлық мүмкін дәрежесіне қарамай, интеллектуалдық және еркін санатының мазмұнына қарай олар тікелей немесе жанамаға жатады және ой түрінің сапасының ерекшелігін көрсетпейді. Сол үшін «басқа ой түрлерін» емес, басқа дәрежелерін айтқан дұрыс, яғни басқа негіздермен ой түрлеріне бөлу деп көрсеткен [10]. Ойды құру сәтінің белгісімен оны үш түрге бөлу қабылданған: 1) алдын ала ойланған; 2) кенеттен пайда болған; 3) қызбаланған немесе екі түріне — алдын ала ойланған және кенеттен пайда болған (ақырғыны қарапайым және қызбаланғандарға бөлу арқылы).

Тағы да бір ой түріне қатысты мәселе сұрағы, заңнамалық ойды анықтау құрылымында тек қана материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарына есептелген болып табылады. Бұл жөнінде ғылыми дау бұрынғы кеңес уақытынан бері жалғасып келеді. Жалпы бұл сұрақ қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының теориясына ғана емес, басқада көптеген қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің институттарына өзінше кедергі тас болып табылады. Материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының формалды және қысқартылғандардан қарағанда ерекше белгісі қоғамға қауіпті салдары болып табылады. С. В. Векленко бұл мәселені шешу үшін «қоғамға қауіпті салдар» түсінігін «кімде-кімнің қызығушылығына зиян келтіру» түсінігіне ауыстыруды ұсынады. Сонымен тұлға, қоғамға қауіпті емес салдардың орын алуын, ал кімде-кімнің қызығушылығына зиян келтіруді болжайды [11].

Біз мұндай амал даулы ден санаймыз, өйткені «кімде-кімнің қызығушылығына зиян келтіру» түсінігінің жалпы құқықтық мінезі бар. Зиян келтіру, қоғамдық қатынастарда, азаматтық және әкімшілік құқықпен реттейтін орындарда бар. Қылмыстық құқық қатынасында келтірілетін зиянның мінезімен дәрежесі, азаматтық құқық немесе әкімшілік құқықтық зиянға қарағанда едәуір маңызды. Бұл жағдайда қылмыстық құқық зиянында ерекше белгісі болып мінезі және оның қоғамға қауіптілік дәрежесі шығады. Бәріне танымал, нақты қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіпті мінезі және оның дәрежесі қылмыстық құқық қатынасы басқалардан ерекшелейді.

Сол себепті ерікті кезең (қалауы) субъектінің өзінің қоғамдық қауіпті әрекетіне психикалық қатынасының құрылымында аяқталады. Сондықтан формальдық құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қана тікелей ниетті қамтиды. Біркелкі және дұрыс түсіну мақсатында

проблеманы шешудің бір жолы ретінде «салдары» ұғымын «нәтижесі» ұғымымен алмастырған жөн екендігі көрініп отыр. Этимологиялық мағынасы жағынан «нәтижесі» ұғымы «салдары» ұғымымен салыстырғанда әлдеқайда кеңірек көрінеді. Нәтиже деп материалдық сипаттағы салдар, сондай-ақ белгілі бір мән жайлардың салдарынан туындаған идеалдық құбылыс деп айтуға болады. Нәтиже — бұл бір нәрсені аяқтайтын соңғы қорытынды. Нәтиже деп кез келген қызметтің немесе жеке актінің, не құбылыстың нәтижесі түсіну қабылданған. Қылмыстық құқық бұзушылық жайлы айтатын болсақ, кез келген әрекеттің өзінің жеке нәтижесі (нәтижелері) болатындығы анық. Мысалы, қорлауды (ҚР ҚК 131-бабы 1-б.) немесе жала жабуды (ҚР ҚК 130-бабы 1-б.) формалдық құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде қарастырғанда, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың нәтижесі болып келесілер табылатындығы көрініп тұр: жәбірленушінің абыройы мен қадір-қасиетін кемсіту, абыройы мен қадір-қасиетіне күйе жағу немесе тиісінше беделін түсіру. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарында бір қарағанда абыройы мен қадір-қасиетіне күйе жағу немесе беделін түсіру қоғамға қауіпті әрекет элементтері ретінде көрінеді. Бұл жағдайда әрекеттің нәтижесі болып абыройы мен қадір-қасиетіне күйе жағу (жаман атты ету) немесе беделін түсіру табылады. Әрекет оны істеумен аяқталғаннан кейін, нәтижесінің орын алуы жалғаса береді. Дәл сол сияқты арнайы қауіпсіздік ережелерін бұзудың нәтижесінде қоғамға қауіпті салдардың туындаудың нақты қауіпін төндіру, идеалды (материалсыз) сипаттағы қоғамға қауіпті салдар ретінде қарастырылуы мүмкін (ҚР ҚК 281-бабының 1-бөлігі, 276-бабының 1-бөлігі және т. б.).

Жоғарыда көрсетілгендерді қорыта келе біз «салдар» ұғымын «нәтиже» ұғымымен алмастыру мақсатқа сай келмейді деген тұжырым жасадық. Бұл орайда қоғамға қауіпті салдар екі түрде болуы тиіс деп санаймыз: материалдық және материалдық емес. Материалдық қоғамға қауіпті салдар материалдық, ал материалдық еместері, тиісінше келте және формалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарына тән болады.

РЕЗЮМЕ

В работе исследованы некоторые вопросы уголовных правонарушений, характеризующихся умышленной формы вины.

RESUME

In the work, some questions of criminal offense characterizing the deliberate form of guilt are investigated.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сахаров В. Н. Уголовное право РК. Общая часть. — Караганда, 2004.
2. Рарог А. И. Общая теория вины в уголовном праве. — М., 1980.
3. Гришаев П. И., Здравомыслов Б. В. Советское уголовное право. Общая часть. — М., 1982.
4. Анашкин Г. З. О форме умысла при посягательстве на внешнюю безопасность // Советское государство и право. — 1964. — № 5.
5. Макашвили В. Г. Волевой и интеллектуальный элемент умысла // Советское государство и право. — 1976. — № 7.
6. Векленко С. В. Виновное вменение в уголовном праве: Дис. ... д-ра юрид. наук. — Омск, 2003.
7. Советское уголовное право. Общая часть / Под ред. П. И. Гришаева. — М., 1982.
8. Каиржанов Е. Уголовное право РК. Общая часть. — Алматы, 2006.
9. Көрсетілген жұмыс. Советское уголовное право.
10. Рарог А. И. Көрсетілген жұмыс.
11. Векленко С. В. Көрсетілген жұмыс.